

Г.Ж.Ба

MKKK

29-01-2025 ЖЫЛ

«Әкелер мектебі» жұмыс жоспары

«Адал азамат – біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Kīriene

Әке – отбасының тірегі, балаға мейірім мен сүйіспеншіліктің қайнар көзі. Әкенің әрбір сөзі мен ісі балаға бағыт-бағдар береді. «Адал азамат» бағдарламасы аясында әкелердің бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, олардың педагогикалық және құқықтық сауаттылығын көтеру, отбасындағы берекені нығайту – басты міндеттердің бірі.

Мақсаты:

- Баланың бойына мейірім, адалдық, еңбек сүйгіштік пен әділдік қасиеттерін сіңіруге әкесінің үлесін арттыру.
- Отбасындағы әкенің беделін, педагогикалық мәдениетін нығайту.
- Әке мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы «адал азамат» тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Өкелерді ұлттық салт-дәстүр мен отбасы құндылықтарына баулу.
- Ата-ананың педагогикалық және психологиялық дамуына бағыт беру.
- Отбасында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал жасау.
- Өкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Әкелердің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артады;
- Балаларда мейірімділік, адалдық, еңбексүйгіштік, әділдік қасиеттері қалыптасады;
- Әке мен бала арасындағы сенім күшейеді;
- Отбасында жылы психологиялық ахуал орнайды;
- Балабақша мен ата-ананың ынтымақтастығы нығаяды.

«Әкелер мектебі» жұмыс жоспары

Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Іс-шара түрі	Жауапты тұлғалар
Қыркүйек	«Адал азамат» бағдарламасы аясында «Әкелер мектебін» құру, жұмыс жоспарларын бекіту	Баланың мінез-құлқында мейірімнің орны туралы әңгіме Әкелер мектебінің мақсатымен таныстыру, әке беделін арттыру	Дөңгелек стол	Тәрбиешілер

	«Әке – отбасының тірегі» тақырыбында ашылу жиыны		тренинг	Тәрбиеші, психолог
Қазан	«Денсаулығым – байлығым» «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Тақырыбында әкелермен ұлттық ойындар өткізу	Балалар мен әкелер арасындағы қарым-қатынасты нығайту Әкелер мен балалардың денсаулыққа, спортқа қызығушылығы	Жиын Спорттық жарыс	Тәрбиеші, психолог Дене шынықтыру нұсқаушысы
Қараша	Семинар: «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі» «Әкем және мен» Күзгі көрме	Әкелерге баланың мінез-құлқына қалыптастырудағы рөлі туралы түсінік беру Бірлескен шығармашылық арқылы баламен эмоционалды байланысты нығайту	Семинар Көрме	Психолог, тәрбиеші Тәрбиеші
Желтоқсан	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те берсе алмайды» әке тәрбиесінің маңызы жайлы пікір алмасу «Әкеммен өткізген бір күн?» тақырыбында видеоролик түсіру	Әкелер мен балалардың қарым-қатынасын нығайту Отбасындағы әкенің орны мен беделі туралы ой бөлісу	Дөңгелек үстел Видеоролик түсіру	Тәрбиешілер Тәрбиешілер
Қаңтар	Тренинг: «Әке мейірімі – балаға пана» Дөңгелек үстел: «Әке – отбасы тәрбиешісі»	Балалармен жылы қарым-қатынас орнатуға бағыт беру Отбасындағы әкенің орны мен беделі туралы ой бөлісу	Тренинг Дөңгелек үстел	Психолог Тәрбиеші Психолог Тәрбиеші

Ақпан	«Әкем – батыр» сурет байқауы	Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту және әкесіне деген сүйіспеншілігін арттыру	Сайыс	Тәрбиеші
	Қашықтықтан Отбасылық коллаж жасау/A4 форматта/ байқауын өткізу	Әке мен ананың бірлескен тәрбиелік міндетін көрсету	Сайыс	Тәрбиеші
Наурыз	«Әке – отбасының қорғаны» атты Спорттық сайыс	Отбасындағы әкенің ролін дәріптеу	Сайыс	Тәрбиеші Дене шынықтыру нұсқаушысы
	Ұлттық ойындар күні: «Әкеммен бірге ойнаймын!»	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, баланың қызығушылығын арттыру	Ойын	Тәрбиеші Дене шынықтыру нұсқаушысы
Сәуір	Экологиялық акция: «Мен және әкем – табиғат қорғаушымыз»	Табиғатты қорғауға баулу	Акция	Тәрбиеші
	«Шебер әке» колөнер сабағы	Балалар мен әкелердің бірлескен шығармашылық қабілеттерін дамыту	Шеберлік сабағы	Тәрбиеші
Мамыр	Қорытынды жиын: «Жанұя – тәрбие бастауы» «Әке асқар тау» Марапаттау	Жыл бойғы жұмысты қорытындылау, белсенді әкелерді марапаттау	Жиын	Менгеруші, тәрбиешілер

АНЫҚТАМА

«Адал азамат» бағдарламасы аясында «Әкелер мектебінің» құрылғаны туралы анықтама
2025–2026 оқу жылы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысына қатысты басым бағыттарын жүзеге асыру және «Адал азамат» бағдарламасы аясында отбасы институтын нығайту, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйым жанынан «Әкелер мектебі» құрылды.

«Әкелер мектебінің» құрамына тәрбиеленушілердің белсенді әкелері, балабақша әкімшілігі, педагогтер және тәрбие жұмысына жауапты мамандар енгізілді. Мектептің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жыл бойы өткізілетін іс-шаралар айқындалды.

Мақсаты: Отбасындағы әкенің мәртебесін көтеру, бала тәрбиесіне әкелердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы адал, еңбекқор, жауапты және тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуге ықпал ету.

Міндеттері: Әкелердің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру;

Отбасылық құндылықтарды, сыйластықты, ізеттілікті және өзара қолдауды насихаттау;

Әке мен бала арасындағы рухани байланысты нығайту;

Әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуына жағдай жасау;

Ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу;

Ортақ тәрбиелік іс-шаралар арқылы отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті дамыту.

Күтілетін нәтиже: Әкелердің тәрбие жұмысына қатысу белсенділігі артады;

Әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас нығаяды;

Балалардың бойында адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық сияқты қасиеттер қалыптасады;


Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық күшейеді;

«Әкелер мектебінің» жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп, тәрбиелік іс-шаралардың сапасы артады.

Қорытынды: «Адал азамат» бағдарламасы аясында құрылған «Әкелер мектебі» – бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін күшейтуге бағытталған маңызды бастама. Құрылған жоспар негізінде жыл бойы түрлі тәрбиелік, спорттық, мәдени-танымдық және ұлттық бағыттағы іс-шаралар өткізілетін болады. Бұл жұмыстар отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайтып, балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруге, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елжанды, жауапты әрі адал азамат болып қалыптасуына оң ықпал етеді.

Әдіскер:

 Асанова.Л.М

«Тексерілді» 
МККК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Ж.М

«Әке – отбасының тірегі»

Әкелермен тәжірибе алмасу, бала тәрбиесі туралы дөңгелек үстел.

Психолог маманы: Сарсенбаева Г.З

2025-2026 оқу жылы

Тренинг тақырыбы: «Әке – отбасының тірегі»

Максаты: Әкенің отбасындағы рөлін арттыру, әкелер мен балалар арасындағы жылы қарым-қатынасты нығайту, бала тәрбиесіндегі әкенің жауапкершілігін сезіндіру.

Міндеттері: Әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуына ықпал ету;

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;

Әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты дамыту;

Бірлескен ойындар арқылы жағымды көңіл күй қалыптастыру.

Қатысушылар: Әкелер мен балалары

Қажетті құралдар: шарлар, қағаз, маркерлер, түрлі-түсті қағаз, кубиктер, музыка, медальдар.

Барысы:

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Жүргізуші: – Қайырлы күн, құрметті әкелер мен балалар! Бүгінгі «Әке – отбасының тірегі» атты тренингімізге қош келдіңіздер! Әке – отбасының қорғаны, қамқоршысы, баланың алғашқы үлгі тұтар тұлғасы. Бүгінгі шарамыз сіздерге көтеріңкі көңіл күй сыйлайды деп сенеміз.

II. Танысу ойыны «Менің әкем»

Әр бала:

Әкесінің есімін айтады;

Әкесінің жақсы қасиеттерін атайды (мейірімді, еңбекқор, батыл, қамқор).

Әкелер де өздері туралы қысқаша таныстырады.

III. Ойын «Бір-бірімізді жақсы танимыз ба?»

Жүргізуші балаларға сұрақ қояды:

Әкенің сүйікті асы?

Сүйікті түсі?

Демалыста не істегенді ұнатады?

Қай мамандықта жұмыс істейді?

Кейін дәл осы сұрақтарды әкелерге балалары туралы қояды.

IV. Эстафета «Бірге жетістікке»

Әке мен бала бірге:

Допты алып жүру;

Кедергіден өту;

Кубиктерден мұнара құрастыру;

Маре сызығына бірге жету.

V. Шығармашылық тапсырма «Менің отбасым»

Әке мен бала бірге қағазға өз отбасының суретін салады.

Соңында қысқаша таныстырады.

VI. Ойын «Жылы сөздер»

Әкелер балаларына кезекпен жылы сөздер айтады:

Ақылдым

Батырым

Мейірімдім

Қуанышым

Мақтанышым

Бақыттым

Балалар да әкелеріне жылы тілектерін айтады.

VII. Жағдаяттарды талқылау

Сұрақтар:

Бала қатселессе не істейсіз?

Баламен күніне қанша уақыт өткізесіз?

Балаңыз сізден не үйренуі керек деп ойлайсыз?

Әкелер пікірлерімен бөліседі.

IX. Қорытынды бөлім

Жүргізуші:

«Әке – отбасының тірегі, баланын қорғаны. Баланың ең үлкен бақыты – жанында қамқор әкесінің болуы. Отбасындағы бірлік пен сыйластық әрдайым арта берсін!»

Әкелерге алғыс хат немесе «Үздік әке» медальдары табысталады.

Күтілетін нәтиже

Әкелердің бала тәрбиесіне қызығушылығы артады;

Әке мен бала арасындағы эмоционалдық байланыс нығаяды;

Отбасылық құндылықтарға құрмет қалыптасады;

Балалардың әкеге деген сенімі мен сүйіспеншілігі артады.

Әкелер мектебінің жиыны



«Тексерілді» Л.А.У.
МКҚК №1 «Күншұңқар»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М.

«Денсаулығым байлығым»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Психолог маманы: Сарсенбаева Г.З

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Денсаулығым – байлығым»

Мақсаты: Балаларға денсаулықтың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Дұрыс тамақтану, тазалық сақтау, қимыл-қозғалыс жасау туралы білімдерін кеңейту. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Қимыл-қозғалыс арқылы дене бітімін, көңіл-күйін көтеру.

Міндеті: Денсаулыққа пайдалы және зиянды әрекеттерді ажыратуға үйрету.

Гигиеналық дағдыларын калыптастыру.

Спортқа қызығушылығын арттыру.

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға баулу.

Ұран:

«Денсаулық – зор байлық,

Шынығамыз әрдайым.

Таза болсын денеміз,

Сау боламыз бәріміз!»

Қызығушылықты ояту

Тәрбиеші денсаулық туралы жұмбақ жасырады:

«Ішу керек, жуыну керек,

Күнде сақтап жүру керек. Бұл не?»

— Тазалық

Балалармен бірге «Денсаулық деген не?» деген тақырыпта сұрақ-жауап жүргізіледі.

Тәрбиеші: қысқаша түсіндіреді:

Денсаулық адамның ең үлкен байлығы.

Денсаулығымыз мықты болуы үшін дұрыс тамақтанып, спортпен шұғылданып, таза жүру керек.

Ұйқы, тынығу, серуен де денсаулыққа пайдалы.

Балалар суреттерді екі жаққа бөледі:

Пайдалы: жеміс жеу, су ішу, жуыну, серуендеу, ұйықтау, спорт

Зиянды: чипсы, газды сусын, ұзақ телефон қарау, түнде ұйықтама

Ойын: «Денсаулықты тап!» Тәрбиеші суреттер көрсетеді, балалар:

Пайдалы болса – қол шапалақтайды

Зиянды болса – басын шайқайды

Ойын: «Дұрыс тамақтан»

Жеміс-жидек және зиянды тағам макеттері қойылады.

Балалар тек пайдалы тағамдарды себетке салуы керек.

Ойын: Қимыл жаттығуы «Спортшы балалар»

Балалар спорт қимылдарын жасайды:

Жүгіру

Секіру

Иілу

Қол, аяқ жаттығулары

Қорытынды: Сұрақ-жауап:

• Денсаулық деген не?

• Денсаулығымызды қалай қорғаймыз.

«Денсаулыгым байлыгым»



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

Әкелер мен балалардың қатысуымен өтетін спорттық-танымдық іс-шараның сценарийі

Мақсаты: Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, ұлттық ойындарды насихаттау, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Қатысушылар: Әкелер, балалар, тәрбиешілер, ата-аналар.

Безендірілуі: Қазақы нақыштағы көрме, ұлттық ою-өрнектер, асықтар, арқан, қамшы, домбыра, шарлар.

Іс-шараның барысы:

(Қазақтың күйі орындалып тұрады. Әкелер мен балалары қол ұстасып залға кіреді.)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті әкелер, қонақтар және бүлдіршіндер!

Қош келдіңіздер! Бүгін біз ұлттық мұрамызды дәріптеп, әке мен бала арасындағы сыйластық пен татулықты нығайту мақсатында ұйымдастырылған «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты мерекелік сайысқа жиналып отырмыз.

Қазақ халқы «Әке – отбасының тірегі» дейді. Бала әкесінен күш-жігерді, батылдықты, еңбекқорлықты және елге деген сүйіспеншілікті үйренеді. Бүгінгі жарыста әкелер балаларымен бірге ұлттық ойындар арқылы өз өнерлері мен ұйымшылдықтарын көрсетеді.

Балалардың құттықтауы

1-бала: Әкем менің тірегім, Қуанышым, жүрегім. Әкемменен бірге мен, Бақыттымын әрдайым.

2-бала: Ұлттық ойын – қазынам, Бабам қалған аманат. Әкемменен бірге ойнап, Көңіліміз шаттанар.

Ән

Балалар әкелеріне арналған ән орындайды.

Сайыс кезеңдері

1-кезең – «Ханталапай»

Әкелер мен ер балалар «хантаалапай» ойынын ойнайды.

2-кезең – «Асық мерген»

Әкелер асықты дәлден атады, балалар құлаған асықтарды жинайды.

3-кезең – «Бескенеі»

Әкелер мен балалар ойынды қызыға ойнайды.

4-кезең – «Асықты шахмат»

Әке мен бала ойынды қызыға ойнап жарысады.

Музыкалық үзіліс:

Балалар «Қара жорға» биін билейді.

«Әкемді жақсы танымын» ойыны

Жүргізуші балаларға сұрақтар қояды:

Әкенің сүйікті асы қандай?

Әкенің жақсы көретін түсі қандай?

Әкенің мамандығы қандай?

«Мақал-мәтелді жалғастыр»

Жүргізуші мақалдың басын айтады, әкелер жалғастырады.

Мысалы:

Әкеге қарап... (ұл өсер.)

Отан... (отбасынан басталады.)

Бірлік бар жерде... (тірлік бар.)

Қорытынды

Жүргізуші: Құрметті әкелер!

Сіздердің бүгінгі белсенділіктеріңіз бен балаларыңызға көрсеткен қамқорлықтарыңыз – бала тәрбиесіндегі ең үлкен үлгі. Осындай кездесулер әке мен бала арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттырады.

Барша қатысушыларға алғысымызды білдіреміз!



«Адал азамат»
бағдарламасы аясында

«Әкелер мектебі»

«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»

«Балдәурен» ортаңғы тобы



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Әкенің бала тәрбиесіндегі ролі»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Психолог маманы: Сарсенбаева Г.З

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі»

Мақсаты: Әкенің бала тәрбиесіндегі маңызын арттыру, әкелерді балабақша өміріне белсенді қатыстыру, бала мен әке арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті нығайту.

Міндеттері: Әкенің отбасындағы тәрбиелік рөлін насихаттау;

Әкелердің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру;

Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті әкелер, әріптестер және бүлдіршіндер!

Бүгін біз «Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі» атты тәрбиелік мәні зор кездесуге жиналып отырмыз. Әке – отбасының тірегі, қамқоршысы, баланың өмірдегі алғашқы үлгісі. Әкенің мейірімі мен тәрбиесі баланың болашағына үлкен әсер етеді.

Қош келдіңіздер!

II. Балалардың құттықтауы

Балалар әкелеріне арналған өлеңдерін оқиды.

1-бала: Әкем менің ақылды, Мейірімді, батыр жан. Қасымда әрдайым жүреді, Беріп маған ақылды.

2-бала: Әкем менің қамқорым, Арқа сүйер панамсың. Сізбен бірге әрқашан, Бақытты мен баламын.

Балалардың орындауында «Әке туралы ән».

Кіріспе:

Әке – отбасының қорғаны ғана емес, баланың тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін ең маңызды адам. Әкенің жылы сөзі, қамқорлығы, әділдігі мен еңбекқорлығы балаға өмір бойы үлгі болады. Баламен бірге уақыт өткізу, кітап оқу, ойын ойнау, спортпен айналысу – баланың өзіне деген сенімін арттырады.

Тренинг «Мен баламды қаншалықты жақсы білемін?»

Әкелерге сұрақтар қойылады.

Баланың сүйікті түсі?

Сүйікті тағамы?

Ең жақсы көретін ертегісі?

Досының аты?

Өскенде кім болғысы келеді?

Жауаптар балалардың жауаптарымен салыстырылады.

«Әкемнің жалғасын тап»

Жүргізуші мақалдың басын айтады, әкелер жалғастырады.

Әке – ... (асқар тау).

Әкеге қарап ... (ұл өсер).

Ұяда не көрсең ... (ұшқанда соны ілерсің).

Балалардың тілегі

Балалар әкелеріне гүл немесе өз қолымен жасаған сыйлықтарын табыстайды.

Барлығы бірге:

«Әке, сізді жақсы көреміз! Деніңіз сау, өміріңіз ұзақ болсын!»

Қорытынды:

Жүргізуші:

Құрметті әкелер!

Уақыт бөліп, балаларымыздың қуанышына ортақ болғандарыңыз үшін үлкен алғыс айтамыз. Бала тәрбиесі – отбасы мен балабақшаның ортақ ісі. Бүгінгі кездесуден әрқайсымыз жақсы әсер алдық деп сенеміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, балапандарыңыздың қызығын көруді тілейміз!

Марапаттау


Белсенді қатысқан әкелерге:

Алғыс хат;

«Үздік әке» дипломы;

Естелік сыйлықтар табысталады.

«Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі»



«Тексерілді» Асеу
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

**«Әкем және мен»
(күзгі көрме)**

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әке мен мен – күзгі көрме»

Мақсаты: Әкелер мен балалар арасындағы ынтымақтастықты, жылы қарым-қатынасты нығайту.

Күзгі табиғат байлығын танып, табиғи материалдармен жұмыс жасай білуге үйрету.

Балалардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, отбасылық құндылықтарды нығайту.

Бірге жұмыс жасау, еңбектену және ортақ нәтижеге жету дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Күзгі табиғат ерекшеліктерімен және материалдарымен таныстыру.

Қол моторикасын, елестету мен қиялды дамыту.

Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Әке мен баланың бірлескен еңбегін ынталандыру.

Шаттық шеңбері:

«Әке мен бірге,

Еңбек етеміз күнде.

Күздің сыйын тереміз,

Әсем өнер береміз.»

Балалар мен әкелер бірге шапалақтап амандасады.

Тәрбиеші сұрақ қояды: Күз мезгілі бізге не әкеледі?

Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Күзгі материалдармен не жасауға болады?

«Күз – шығармашылық мезгіл»

Күз – жеміс-жидек, көкөніс, түрлі-түсті жапыраққа бай мезгіл.

Табиғи материалдардан түрлі бұйымдар жасауға болады.

Әке мен баланың бірге жасаған жұмысы – ең қымбат еңбек.

Ойын: «Күз сыйын тап»

Әкелер мен балалар күзгі материалдарды көрсетіп атайды:

Жапырақ – «сарғайған»

Жаңғақ – «дөңгелек»

Асқабақ – «дәмді»

Бүршік – «орман сыйы»

Дұрыс атаса – жұлдызша алады.

Сергіту биі: «Күзгі вальс»

Әкелер мен балалар қимыл-қозғалыс биін орындайды.

Көрмені ұйымдастыру

Әкелер мен балалар жасаған барлық жұмыстар арнайы үстелге немесе стендке қойылады.

Атауы: «Әкем және мен – күзгі көрме»

Тәрбиеші әр жұмысқа тоқталып, мақтап шығады.

Қорытынды:

– Бүгін әкеңмен бірге не жасадың?

– Саған қандай жұмыс ұнады?

– Бірге жасағанда қандай сезімде болдың?

«Әкелер – отбасындағы тірек, ал балалар – оның үміті. Бүгінгі бірлескен еңбек әке мен бала арасындағы махаббатты, сенімді, жақындықты арттырды. Барлығыңызға алғыс айтамыз!»

Күзгі көрме



«Тексерілді» 
МККК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
өдіскері: Асанова Л.М.

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Маханбет А.М
Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды»

Максаты: Әкенің бала тәрбиесіндегі ерекше орнын түсіндіру, әкелердің бала өміріне белсенді қатысуының маңызын насихаттау, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Пікір алмасу сұрақтары:

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» деген сөзді қалай түсінесіз?

Әкенің бала тәрбиесіндегі басты міндеті қандай?

Бала әкесінен қандай қасиеттерді бойына сіңіреді?

Әкенің балаға бөлетін уақыты маңызды ма, әлде материалдық қамтамасыз етуі маңызды ма?

Қазіргі заманда әкенің тәрбиелік рөлі өзгерді деп ойлайсыз ба?

Өз баланызбен бірге қандай дәстүрлерді немесе сүйікті істерді жасайсыз?

Баланың болашақта табысты тұлға болып қалыптасуына әке қалай әсер етеді?

Өту барысы: Жүргізуші әкелерге сұрақтар қояды.

Баланыздың сүйікті түсі қандай?

Сүйікті ертегісі қайсы?

Сүйікті тағамы қандай?

Ең жақын досының аты кім?

Болашақта кім болғысы келеді?

Дұрыс жауаптар кейін баланың жауаптарымен салыстырылады.

«Әке – үлгі» ойыны:

Максаты: Әкелердің тапқырлығы мен тәрбиелік көзқарасын анықтау.

Өту барысы: Жүргізуші жағдаяттарды оқиды, әкелер өз жауаптарын айтады.

Мысалы:

Баланыз ойыншықты бөліскісі келмесе, не істер едіңіз?

Баланыз өтірік айтып қойса, қалай түсіндіресіз?

Баланыз құлап қалып жыласа, ең бірінші не айтасыз?

Ең тәрбиелік мәні жоғары жауаптар мадакталады.

Бұл ойындардан кейін: «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» тақырыбында қысқаша пікір алмасу ұйымдастырылып, әр әке өз тәжірибесімен бөліссе, іс-шараның тәрбиелік мәні арта түседі.


Қорытынды:


«Әке – отбасының тірегі, баланың қорғаны, өмірдегі алғашқы үлгісі. Әкенің айтқан әрбір сөзі, жасаған әрбір ісі бала жүрегінде сақталады. Сондықтан әкенің бала тәрбиесіне белсенді қатысуы – ұлттың болашағына қосқан үлкен үлес. Шынында да, бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды, өйткені әкенің мейірімі, өнегесі мен жеке үлгісін ешбір оқу орны толықтай алмастыра алмайды.»

Уақыт бөліп, балаларымыздың қуанышына ортақ болғандарыңыз үшін үлкен алғыс айтамыз. Бала тәрбиесі – отбасы мен балабақшаның ортақ ісі. Бүгінгі кездесуден әрқайсымыз жақсы әсер алдық деп сенеміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, балапандарыңыздың қызығын көруді тілейміз!

«Бір экенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды»



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Әкеммен өткізген бір күн?»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Маханбет А.М
Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкемен өткізген бір күн»

Мақсаты: Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, әкенің бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Міндеттері: Әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуын арттыру;

Балалардың әкелеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру;

Бірлескен ойындар арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Қатысушылар: Ортаңғы немесе ересек топ тәрбиеленушілері мен әкелері.

Барысы:

1. Ашылу бөлімі

Жүргізушінің құттықтау сөзі.

Балалардың «Әке туралы» тақпақтары.

Ән: «Әкем – асқар тауым».

2. **Таныстыру кезеңі:** Әр әке баласымен бірге өздерін қысқаша таныстырады және отбасы ұранын айтады.

3. **Қызықты эстафеталар:**

«Әкем екеуіміз бірге» (доппен жүгіру);

«Кім жылдам?» (конструктордан үй құрастыру);

«Балық аулау»

«Кедергіден бірге өту»;

«Шарды түсірмей жеткіз».

4. **Шығармашылық жұмыс:** Әке мен бала бірігіп «Менің бақытты отбасым» тақырыбында сурет салады немесе түрлі түсті қағаздан қолөнер жасайды.

5. «Әкемді қаншалықты білемін?» ойыны

Балаларға әкелері туралы сұрақтар қойылады:

Әкеңнің сүйікті асы қандай?

Әкеңнің сүйікті түсі қандай?

Әкең қандай спортты ұнатады?

6. «Бір күн әкеммен» әңгімелеу Балалар әкелерімен бірге өткізген қызықты сәттерін әңгімелейді.

7. **Қорытынды:**

Әкелерге алғыс хаттар табыстау;

Естелік суретке түсу;

Балалардың «Әкеме мың алғыс!» әнімен аяқтау.

Осындай іс-шара балалардың әкелерімен бірге қуанышты уақыт өткізуіне, әке мәртебесін көтеруге және отбасы бірлігін нығайтуға ықпал етеді.

«Әкеммен өткізген бір күн»



«Тексерілді» *Асан*
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбежай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Әке мейірімі – балаға пана»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Психолог маманы: Сарсенбаева Г.З

2023–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әке мейірімі – балаға пана»

Мақсаты: Әкенің бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Қатысушылар: Әкелер.

1. Танысу (5 минут)

Әр әке өзін таныстырып:

Аты-жөнін, толық таныстырады.

Баласының атын, жасын толық таныстырады.

«Менің әкелік ұстанымым...» деген сөйлемді бір сөзбен аяқтайды.

2. «Бала көзімен әке» жаттығуы (10 минут)

Әр қатысушыға қағаз беріледі. Тапсырма: «Егер менің балам мен туралы айтса, не дер еді?» деген сұраққа жауап жазады.

Содан кейін өз ойын дауыстап оқиды.

3. «Жылы сөздер» тренингі (10 минут)

Әкелер баласына күнде айтатын немесе айтқысы келетін жылы сөздерді қағазға жазады.

Мысалы:

«Сені жақсы көремін.»

«Сенің қолыңнан бәрі келеді.»

«Мен саған сенемін.»

«Сен менің мақтанышымсың.»

4. «Құндылық ағашы» (15 минут)

Плакатқа үлкен ағаштың суреті ілінеді. Әр әке жапыраққа баласына бергісі келетін бір құндылықты жазады:

Мейірімділік;

Адалдық;

Еңбекқорлық;

Батылдық;

Құрмет;

Жауапкершілік.

Жапырақтарды ағашқа жапсырады.

Жағдаяттарды талқылау (10 минут)

Мысалы:

Балаңыз қателік жіберсе не істейсіз?

Балаңыз сізден көмек сұраса, жұмысыңыз көп болса қалай әрекет етесіз?

Балаңыз сізге ренжіп қалса, не істейсіз?.

Әкелер өз пікірлерімен бөліседі.

Қорытынды:

Жүргізуші:

«Баланың өміріндегі ең үлкен қорған – әкенің махаббаты мен қолдауы. Әке мейірімі – баланың өзіне деген сенімін қалыптастыратын ең үлкен күш. Балаңызға уақыт бөліңіз, жылы сөзіңізді аямаңыз. Себебі бала үшін әкенің бір ауыз мақтауы – үлкен бақыт.»

Соңында әр әкеге, «Мен бүгіннен бастап балама...» деген сөйлемді жалғастырып, өзіне шағын уәде жаздыруға болады. Бұл тренингтің әсерін күшейтіп, қатысушылардың ой түйюіне мүмкіндік береді.

«Әке мейірімі – балаға пана»



«Тексерілді» Асау
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Әке - отбасы тәрбиешісі»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Психолог маманы: Сарсенбаева Г.З

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: Әке – отбасының тәрбиешісі. Әкенің отбасыдағы орны мен беделі

Мақсаты: Әкенің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Әке – отбасының тірегі, қорғаны және бала тәрбиесіндегі ең маңызды тұлғалардың бірі. Баланың мінез-құлқының, дүниетанымының, еңбекке, жауапкершілікке деген көзқарасының қалыптасуына әкенің ықпалы зор. Әкенің отбасыдағы орны – тек материалдық қамтамасыз етуші ғана емес, сонымен қатар баласына үлгі болатын тәлімгер. Балалар әкесінің іс-әрекетіне, сөйлеген сөзіне, адамдармен қарым-қатынасына қарап өседі. Сондықтан әке әрдайым өз ісімен өнеге көрсетуі қажет.

Әкенің беделі – қаталдықпен емес, әділдікпен, қамқорлықпен, жауапкершілікпен және балаға деген сүйіспеншілікпен қалыптасады. Бала әкесінен қолдау көріп, бірге уақыт өткізген сайын оған деген құрметі мен сенімі арта түседі.

Бала тәрбиесінде әке:

ұлттық құндылықтарды дәріптейді;
еңбекқорлық пен жауапкершілікке баулиды;
батылдыққа, тәртіпке және адалдыққа тәрбиелейді;
отбасы мүшелеріне құрметпен қарауды үйретеді;
анамен бірге бірлесіп тәрбие береді.


«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген халық даналығы әкенің бала өміріндегі ерекше орнын айқын көрсетеді. Әке мен ананың бірлігі, өзара сыйластығы – бала тәрбиесінің берік негізі.

Қорытынды:

Әке – отбасының тірегі ғана емес, баланың өмірлік бағытын айқындайтын алғашқы ұстазы. Әкенің мейірімі, өнегесі мен жауапкершілігі арқылы тәрбиеленген бала елін, жерін сүйетін, адамгершілігі мол, саналы азамат болып қалыптасады.

«Әке – отбасы тәрбиешісі»



«Тексерілді» 
МККК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова ЛМ

«Әкем - батыр»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкем – батыр» сурет байқауы

Мақсаты: Балалардың әкесіне деген сүйіспеншілігін, құрметін арттыру, отбасы құндылықтарын насихаттау, әкенің бала тәрбиесіндегі маңызды рөлін таныту, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері: Балалардың әкесіне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Отбасындағы әкенің тәрбиелік орнын дәріптеу.

Балалардың сурет салу арқылы өз ойын, сезімін еркін жеткізуіне мүмкіндік жасау.

Шығармашылыққа қызығушылығын дамыту.

Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Қатысушылар:

Балабақша тәрбиеленушілері және олардың әкелері.

Байқау шарттары:

Балалар «Әкем – батыр» тақырыбында сурет салады.

Суретте әкенің мамандығы, ерлігі, отбасындағы қамқорлығы немесе бірге өткізген сәттері бейнеленуі мүмкін.

Сурет А4 немесе А3 форматында орындалады.

Кез келген сурет салу техникасын қолдануға болады (қарындаш, бояу, гуашь, акварель және т.б.).

Бағалау критерийлері:

Тақырыптың ашылуы.

Шығармашылық идея.

Ұқыптылығы.

Түстерді үйлесімді қолдануы.

Баланың өзіндік көзқарасы.


Марапаттау:


Барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен дипломдар табысталып, үздік жұмыстар «Үздік сурет», «Ең әсерлі сурет», «Ең креативті сурет», «Көрермен көзайымы» номинацияларымен марапатталады.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың әкесіне деген сүйіспеншілігі мен құрметі артады, отбасы құндылықтары насихатталады, шығармашылық қабілеттері дамып, әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуына ықпал жасалады.

«Әкем – батыр»



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Әке – отбасының қорғаны»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әке – отбасының қорғаны» спорттық сайыс

Мақсаты: Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, отбасы құндылықтарын нығайту, әке мен бала арасындағы сыйластықты, сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру. Салауатты өмір салтын насихаттап, спорт арқылы ұйымшылдыққа, ептілікке және белсенділікке тәрбиелеу.

Міндеттері: Әке мен бала арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамыту;

Отбасындағы әкенің беделі мен жауапкершілігін насихаттау;

Балалардың спортқа деген қызығушылығын арттыру;

Жылдамдыққа, ептілікке, батылдыққа және төзімділікке тәрбиелеу;

Қатысушылар арасында достық қарым-қатынас пен жағымды көңіл күй қалыптастыру.

Қажетті құрал-жабдықтар:

Доптар;

Кегли;

Құрсаулар;

Секіртпе;

Эстафеталық таяқша;

Конустар;

Себеттер;

Медальдар, дипломдар және сыйлықтар.

Сайыстың барысы:

1. Ашылу бөлімі

Жүргізушінің құттықтау сөзі.

Командаларды таныстыру.

Әділқазылар алқасын таныстыру.

2. Жылыту жаттығулары Әке мен балалардың бірге жеңіл жаттығулар орындауы.

Сайыс кезеңдері:

1-кезең – «Жылдам әке» Әке кедергілерден жүгіріп өтіп, қайта оралады.

2-кезең – «Допты жеткіз» Әке мен бала допты бірге алып белгіленген жерге жеткізіп, кері қайтады.

3-кезең – «Мерген» Допты себетке немесе нысанаға дәл лақтыру.

4-кезең – «Кім епті?» Құрсаудан өтіп, кеглилерді айналып жүгіріп келу.

5-кезең – «Бірге жеңеміз» Әке баласын жетектеп немесе қол ұстасып эстафетаны аяқтайды.

Қорытынды бөлім:

Әділқазылардың қорытындысы.

Жеңімпаздарды марапаттау.


Барлық қатысушыларға алғыс айту.


Ұраны: «Әке – асқар тауым, отбасының қорғаны! Бірге спортпен айналысайық, бірге жеңіске жетейік!»

Күтілетін нәтиже:

Балалардың әкесіне деген сүйіспеншілігі мен құрметі артады, отбасы құндылықтары насихатталады, шығармашылық қабілеттері дамып, әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуына ықпал жасалады.

«Әке – отбасының қорғаны»



«Тексерілді» 
МҚКК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Әкеммен бірге ойнаймын»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Әкемен бірге ойнаймын» (ұлттық ойындар)

Мақсаты: Балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру, әке мен бала арасындағы сыйластықты, ынтымақтастықты нығайту, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу арқылы дене шынықтыруға және салауатты өмір салтына баулу.

Міндеттері: Балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру.

Әкелердің бала тәрбиесіндегі белсенді ролін арттыру.

Әке мен баланың бірлескен әрекеті арқылы өзара сенім мен сыйластықты қалыптастыру.

Балалардың ептілігін, шапшаңдығын, күшін, төзімділігін дамыту.

Ұлттық салт-дәстүрге, мәдени мұраға құрмет сезімін тәрбиелеу.

Ұжыммен әрекет етуге, бір-біріне қолдау көрсетуге және достық қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ету.

Балалардың спортқа деген қызығушылығын оятып, белсенді өмір салтын насихаттау.

Күтілетін нәтиже: Балалар ұлттық ойындардың түрлерін біледі және қызығушылықпен ойнайды.

Әке мен бала арасындағы эмоционалдық байланыс нығаяды.

Ұлттық құндылықтарға деген құрмет артады.

Балалардың қимыл-қозғалыс дағдылары дамып, мерекелік көңіл күй қалыптасады.

Асық ату – балалардың мергендігін, дәлдігін және ептілігін дамытады.

Арқан тарту – топтық ұйымшылдықты, күш пен төзімділікті қалыптастырады.

Бес тас – қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және жылдамдығын дамытады.

Орамал тастамақ – шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелейді.

Ақсерек – Көксерек – батылдыққа, достыққа және ұйымшылдыққа баулиды.

Сақина салу – балалардың тапқырлығы мен зейінін арттырады.

Хан талапай – асық арқылы жылдамдық пен ептілікті дамытатын қызықты ойын.

Мақсаты:

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, дене қимылын жетілдіру және ұйымшылдыққа баулу.

Міндеттері:

Ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру;

Шапшаңдық, ептілік, дәлдік қасиеттерін дамыту;

Бір-біріне көмектесуге, достыққа тәрбиелеу;

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрмет сезімін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың әкесіне деген сүйіспеншілігі мен құрметі артады, отбасы құндылықтары насихатталады, шығармашылық қабілеттері дамып, әкелердің балабақша өміріне белсенді қатысуына ықпал жасалады.

«Әкеммен бірге ойнаймын»



«Тексерілді» Асф
МККК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Мен және әкем – табиғат қорғаушымыз»

(Адал азамат біртұтас тәрбие)

«Әкелер мектебі»

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Мен және әкем – табиғат қорғаушымыз»

Мақсаты: Балаларға табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау туралы түсінік беру. Әкелердің қатысуымен балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қамқорлық сезімін қалыптастыру және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері: Балаларға табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіру.

Ағаш отырғызу, гүл күту, қоқысты сұрыптау сияқты пайдалы әдеттерге баулу.

Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Табиғатты аялауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Қорытындысы:

Іс-шара барысында балалар мен әкелер табиғатты қорғау – әр адамның міндеті екенін түсінді. Бірлескен жұмыстар арқылы балалар табиғатқа қамқорлық жасаудың жолдарын үйреніп, экологиялық мәдениеттері қалыптасты. Әке мен бала арасындағы өзара сыйластық пен ынтымақтастық артып, табиғатты қорғауға деген қызығушылықтары күшейді. «Табиғатты қорғайық!»

Мақсаты:

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету.

Қатысушылар:

Мектепалды топ немесе ересек топ тәрбиеленушілері.

Қажетті құралдар:

Жасыл және қоңыр түсті қағаздар, ағаш, гүл, құс суреттері, қоқыс салатын жәшіктер, табиғат туралы әндер.

Іс-шара барысы

1. Кіріспе Тәрбиеші: – Балалар, табиғат дегеніміз не? – Табиғатты не үшін қорғауымыз керек? Балалардың жауаптары тыңдалады.
2. Өлең оқу Балалар табиғат туралы қысқа өлеңдер айтады.
3. Ойын: «Қоқысты өз орнына сал» Балалар қағаз, пластик, бөтелке суреттерін тиісті жәшіктерге салады.
4. Сергіту сәті «Күн, жаңбыр, жел» кимылды ойыны.
5. Шығармашылық жұмыс «Менің жасыл әлемім» тақырыбында ағаш немесе гүлдің суретін жапсыру.
6. Уәде беру Барлығы бірге: «Табиғатты қорғаймыз! Гүлдерді жұлмаймыз! Ағаштарды сындырмаймыз! Құстарға қамқор боламыз! Табиғатты таза ұстаймыз!»

Қорытынды:

Тәрбиеші балаларды мақтап, «Жас табиғат жанашыры» медальдарын немесе алғыс қағаздарын табыстайды.

«Мен және әкем – табиғат қорғаушымыз»



Тақырыбы: «Шебер әке» қолөнер сабағы

Кіріспе: Құрметті әкелер мен балалар! Бүгінгі «Шебер әке» қолөнер сабағына қош келдіңіздер! Әкенің өнегесі – балаға өмірлік үлгі. Бүгін әкелеріміз өздерінің шеберліктерін көрсетіп, балаларымен бірге әдемі бұйым жасап, қызықты уақыт өткізеді.

Мақсаты:

Әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Балалардың шығармашылығын дамыту.

Еңбекке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Түрлі түсті қағаз

Қайшы

Желім

Картон

Табиғи материалдар (жапырақ, бұтақ, бүршік)

Маркерлер, түрлі-түсті қарындаштар

Сабақ барысы:

Амандасу.

Қауіпсіздік ережесін еске салу.

Ортақ жұмыс: Әке мен бала бірігіп «Менің отбасым», «Туған елім» немесе «Табиғат әлемі» тақырыбында аппликация немесе қолөнер бұйымын жасайды.

Жұмыстарды таныстыру: Әр отбасы өз жасаған жұмысын қысқаша таныстырады.

Марапаттау: Барлық қатысушыларға «Шебер әке» алғыс хаты немесе дипломы табыстылады.

Қорытынды: «Әке – отбасының тірегі, баланың мақтанышы. Осындай ортақ істер арқылы балалар әкелерінің қамқорлығын сезініп, еңбекке деген қызығушылығы арта түседі. Қатысқан барлық әкелерге алғысымызды білдіреміз!»

«Шебер әке»



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

**«Жанұя – тәрбие бастауы»
(қортынды жиын)
(Адал азамат біртұтас тәрбие)
«Әкелер мектебі»**

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025- 2026 оқу жылы

«Әкелер мектебі» қорытынды жиыны

Тақырыбы: «Жанұя – тәрбие бастауы»

Қорытындылау

Құрметті әкелер, қадірлі қонақтар!

Бүгінгі «Жанұя – тәрбие бастауы» тақырыбындағы «Әкелер мектебінің» қорытынды жиынына қатысып, өз тәжірибелеріңізбен бөліскендеріңіз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Бала тәрбиесі – ең жауапты әрі қасиетті міндет. Тәрбие ең алдымен отбасынан басталады. Әкенің бала өміріндегі орны ерекше. Әке – отбасының қорғаны, тірегі, ақылшысы және баласына үлгі болатын тұлға. Әкенің әрбір ісі, әрбір сөзі мен қарым-қатынасы баланың мінез-құлқының, дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

«Әкелер мектебі» аясында өткізілген кездесулердің негізгі мақсаты – әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайту болды. Осы бағытта көптеген мазмұнды кездесулер, пікір алмасулар, спорттық сайыстар, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, әкелеріміз белсенділік танытты.

Бүгінгі жиын барысында біз отбасыдағы татулықтың, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынастың, өзара сыйластық пен сүйіспеншіліктің маңыздылығына тағы бір мәрте тоқталдық. Баланың бақытты болуы – ең алдымен оның өсіп келе жатқан ортасына байланысты. Әкесі мен анасының мейірімін сезініп өскен бала ертен елін сүйетін, білімді, еңбеккор, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасады.

Құрметті әкелер!

Сіздердің балаларыңызбен бірге өткізген әрбір сәттеріңіз, айтқан жылы сөздеріңіз, көрсеткен қамқорлықтарыңыз – олардың жүрегінде мәңгі сақталатын асыл тәрбие. Сондықтан балаңызға уақыт бөліңіз, пікірін тыңдаңыз, жетістігін бірге қуанып, қиындықта қолдау көрсетіңіз. Бұл – балаға берілетін ең үлкен сый.

Балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысы ғана сапалы тәрбиеге жеткізеді. Алдағы уақытта да осы ынтымақтастығымыз жалғасып, ұрпағымыздың тәрбиесі жолында бірге еңбек етеміз деп сенеміз.

Осындай игі іске белсене қатысып, қолдау білдірген барлық әкелерге, ата-аналарға және әріптестерімізге шын жүректен алғыс айтамыз. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, балаларыңыздың қызығын көруге жазсын!

Қорытынды сөз: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халқымыз. Сондықтан әрбір отбасы – тәрбие бесігі, әрбір әке – баласына өмірлік бағыт-бағдар беретін тұлға. Отбасында берілген ізгі тәрбие – жарқын болашақтың негізі. Ендеше, бала тәрбиесінде бірлесе еңбек етіп, саналы, білімді, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелейік!

Әдіскер:

Асанова JLM

«Жанұя – тәрбие бастауы»



«Тексерілді»

Asaf

МКҚК №1 «Күншуақ»

бөбекжай-балабақшасының

әдіскері: Асанова Ж.М.

**«Әке асқар тау»
(қортынды жиын)
(Адал азамат біртұтас тәрбие)
«Әкелер мектебі»**

Меңгеруші: Барикова Г.Ж

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025- 2026 оқу жылы

Құрметті қонақтар, қадірлі әкелер!

«Әке – асқар тау» деген халқымыздың дана сөзі – әкенің отбасы мен бала өміріндегі ерекше орнын айқындайды. Әке – шаңырақтың берік тірегі, отбасының қорғаны, баласына адалдық пен еңбекқорлықтың, жауапкершілік пен адамгершіліктің үлгісі.

Бүгінгі «Әкелер мектебі» қорытынды іс-шарасында бала тәрбиесіне белсене араласып, балабақша өміріне атсалысып, өз ісімен көпке өнеге көрсетіп жүрген әкелерімізді құрметтеу – біз үшін үлкен мәртебе.

Ендеше, отбасының абыройын асқақтатып, бала тәрбиесіне қосқан үлесі үшін «Әке – асқар тау» номинациясымен марапаттауға рұқсат етіңіздер!

«Үлгілі әке» номинациясы: Ембергенов Руслан

Бала тәрбиесіне белсенді қатысып, отбасында сыйластық пен мейірімділікті қалыптастырып, өзгелерге үлгі болғаны үшін «Үлгілі әке» номинациясымен марапатталады. Отбасыңыздан қуаныш, шаңырағыңыздан береке кетпесін!

«Шебер әке» номинациясы: Даулетбаев Құрманбай

Қолөнерге икемділігімен, еңбекқорлығымен және баласына пайдалы іс үйретіп, шеберліктің үлгісін көрсеткені үшін «Шебер әке» номинациясымен марапатталады. Өнеріңіз өрге жүзіп, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз!

«Өнерлі әке» номинациясы: Мурзабаев Алмат

Өнерге деген сүйіспеншілігімен, шығармашылығы арқылы балаға рухани тәрбие беріп жүргені үшін «Өнерлі әке» номинациясымен марапатталады. Өнеріңіз өркендеп, шабыттарыңыз таусылмасын!

«Спортшы әке» номинациясы: Асташев В

Салауатты өмір салтын ұстанып, баласына спортқа деген қызығушылықты дарытып, белсенді өмір салтын насихаттағаны үшін «Спортшы әке» номинациясымен марапатталады. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз!

«Мейірімді әке» номинациясы: Нурманов А

Баласына қамқорлық танытып, мейірімі мен жанашырлығын аямай, отбасының жылуын арттырып жүргені үшін «Мейірімді әке» номинациясымен марапатталады. Әкелік мейіріміңіз әрдайым балаңызға күш-қуат, өміріне шуақ сыйлай берсін!

Құрметті әкелер!

Сіздер – отбасының қорғаны, ұрпақ тәрбиесінің тірегі, қоғамның сенімді тірегісіздер. Балаларыңыздың жүрегінде әрқашан мақтаныш тұтар әке болып қала беріңіздер! Дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

«Әке асқар тау»

